

**Бастауыш білім беру деңгейінің 4-сыныптарына арналған «Дүниетану» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы**

**1-тарау. Жалпы ережелер**

**1. «Дүниетану» оқу пәнінің үлгілік оқу бағдарламасы** (бұдан әрі – бағдарлама) «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына сәйкес әзірленген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген).

2. «Дүниетану» оқу пәнін оқытудың мақсаты: ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар тұрғысынан білім алушылардың бойында адам, табиғат және қоғамның өзара байланысуы және өзара тәуелділігі туралы білім жүйесін қалыптастыру.

**3. Оқыту міндеттері:**

- 1) білім алушыларда қоғам және табиғат құбылыстары мен нысандарының өзара байланысы мен өзара тәуелділігі туралы түсініктер қалыптастыру;
  - 2) білім алушыларда табиғи, әлеуметтік және технологиялық ортадағы мінез-құлық нормаларын және қауіпсіздік ережелерін қалыптастыру;
  - 3) білім алушыларда табиғи және әлеуметтік шынайылықты тану әдістерін: бақылау, эксперимент, сауалнама тәжірибелерінің қалыптасуын қамтамасыз ету;
  - 4) білім алушылардың танымдық әрекетін дамытуды қамтамасыз ету;
  - 5) білім алушыларды қазіргі қазақстандық қоғамға тән ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар жүйесіне дағдыландыру;
  - 6) білім алушылардың өзін қоршаған ортаға, қоғамның табиғи және мәдени құндылықтарына дұрыс қатынастарын қалыптастыру.
4. «Дүниетану» оқу пәнінің оқу бағдарламасында үш тілде білім беруді жүзеге асыру қарастырылған, онда үш тілді меңгертіп қана қоймай, сол сияқты білім алушылардың сыныптан тыс жұмыстарын да үш (қазақ, орыс және ағылшын) тілде ұйымдастыру қарастырылған.
5. Жеке тұлғалық қасиеттердің кең ауқымды дағдылармен бірлесе дамытылуы білім берудің «қазақстандық патриотизм мен азаматтық жауапкершілік», «құрмет», «ынтымақтастық», «еңбек пен шығармашылық», «ашықтық», «өмір бойы білім алу» сияқты білім берудің басты құндылықтарын білім алушыларға дарытудың негізі болып табылады. Бұл құндылықтар білім алушының тәртібі мен күнделікті іс-әрекеттерін ынталандыратын тұрақты тұлғалық бағдары болады.

## **2-тарау. «Дүниетану» оқу пәнінің мазмұнын ұйымдастыру**

### **1-параграф. «Дүниетану» оқу пәнінің мазмұны**

6. «Дүниетану» оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

**4) 4-сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында – 34 сағатты құрайды.**

10. «Дүниетану» оқу пәнінің 4-сыныпқа арналған базалық мазмұны келесі бөлімдерден тұрады:

- 1) «Мен және қоғам» бөлімі: отбасы; отбасының қоғам өміріндегі маңызы; отбасы мүшелерінің функционалдық рөлі; отбасы бюджетінің негізгі кіріс-шығыстары; отбасы бюджетін оңтайландыру жолдары; мектеп және мектеп қауымдастығы; мектептің өзін-өзі басқару ұйымына мүше болу жолдары; көшбасшыға тән тұлғалық қасиеттер; менің атамекенім; түрлі дәрежедегі әкімшілік-аумақтық бірліктерді (аймақ, аудан, облыс); өз аймағының экономикалық қызмет атқаратын субъектілері; денсаулық пен қауіпсіздік; спорттың әр түрлеріндегі жарақаттану себептері; спорттың әр түрлеріндегі жарақаттану қауіптері; жасанды ортадағы қауіп-қатерлер; жасанды ортадағы өз қауіпсіздігін жоспарлау; құқық және міндет; Конституцияның қоғам өміріндегі маңызы; демократиялық құқықтар мен бостандықтар, міндеттер; мерекелер. кәсіби мерекелердің тарихы;
- 2) «Елімнің табиғаты» бөлімі: жергілікті жерде бағдарлану; нысанның басқа нысандарға қатысты орны; глобус пен карталардың қолданылуы; параллельдер, меридиандар, экватор; климат және ауа райы; адамзат дамуына климаттың әсері; табиғи жағдайлардың адам өміріне және оның іс-әрекетіне әсері; өз өңіріндегі және Қазақстан аймақтарындағы адамдардың табиғи жағдайларға (рельеф, климат, өсімдік және жануарлар әлемі, су нысандары) байланысты шаруашылық іс-әрекеттері; өз өңірінде табиғи апаттар туындау ықтималдылығы; туризм. Қазақстан мен Астана бойынша туристік маршрут құру;
- 3) «Тарих беттерінен» бөлімі: «технологиялық прогресс» ұғымы анықтамасымен танысу; тарихи мұражайлардың қызметі; мұражайдың өзіндік жобасы; қазақ халқының шығу тарихы; сақтар, ғұндар, түркілер және қазақтар арасындағы байланысты графикалық түрде бейнелеу; Қазақстан тарихындағы маңызды оқиғалар; Қазақстанның XX-XXI ғасырлардағы жетістіктерінен мысалдар; шығармашылық және еңбек салаларындағы көрнекті қайраткерлердің өмірбаяны; Қазақстан тарихы: тәуелсіздік, мемлекеттілік және патриотизм; «Қазақстан» атауымен байланысты ұлттық бренд; Қазақстанның әлемдік сахнадағы рөлі.

### **2-параграф. Оқу мақсаттарының жүйесі**

11. Бағдарламада оқу мақсаттары кодтық белгімен белгіленген. Кодтық белгідегі бірінші сан сыныпты, екінші және үшінші сан бөлім және бөлімшенің ретін, төртінші сан оқу мақсатының реттік нөмірін көрсетеді. 4.2.1.1 кодында: «4» - сынып, «2.1» – бөлім мен бөлімше,

«1» – оқу мақсатының реттік нөмірі.

12. Оқу мақсаттарының жүйесі:

13. Тоқсандағы бөлімдер мен бөлімдер ішіндегі тақырыптар бойынша сағат сандарын бөлу мұғалімнің еркіне қалдырылады.

14. Осы оқу бағдарламасы Бастауыш білім беру деңгейінің 4-сыныптарына арналған «Дүниетану» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасына асыру жөніндегі ұзақ мерзімді жоспарға сәйкес іске асырылады.



**«Дүниетану» пәні 4 сыныптарына**  
**Аптасына: 1 сағат, барлығы: 34 сағат**

Реті	Сағат саны	Ауыспалы тақырыптар	Сабақтың тақырыптары	Сағат саны	Күні	Ескертпе
<b>1-тоқсан 8 сағат</b>						
1	1	<b>4.1.Менің Отаным – Қазақстан</b>	Еліміздің әкімшілік аймақтарға бөлінуі	1	07.09.2023	
2	2		Менің өлкемнің өнеркәсібі мен ауылшаруашылығы	1	14.09.2023	
3	3		Адамның шаруашылық қызметі және табиғат.	1	21.09.2023	
4	4	<b>4.2.Құндылықтар</b>	Отбасының қоғам өміріндегі маңызыӨҚН	1	28.09.2023	
5	5		Біздің отбасылық бюджетіміз	1	05.10.2023	
6	6		Мектептегі өзін-өзі басқару.	1	12.10.2023	
7	7		Өзінді тексер БЖБ	1	19.10.2023	
8	8		Көшбасшы қандай болу керек?	1	26.10.2023	
<b>2-тоқсан 8 сағат</b>						
9	1	<b>4.3.Мәдени мұралар</b>	Қазақ халқының шығу тегіӨҚН	1	09.11.2023	
10	2		Қазақстанның экономикадағы жетістіктері	1	16.11.2023	
11	3		Қазақстандағы ғылымның дамуы. Ғалым Қаныш Сәтбаев.	1	23.11.2023	
12	4		Тарихи мұражайлар не үшін қажет?ӨҚН.	1	30.12.2023	
13	5	<b>4.4. Мамандықтар әлемі</b>	Қандай кәсіби мерекелер бар?ӨҚН	1	07.12.2023	
14	6		XX – XXI ғасырларда Қазақ мәдениетінің дамуыБЖБ	1	14.12.2023	

15	7		Спортта жарақаттанудың алдын алу шаралары.	1	28.12. 2023	
----	---	--	---	---	----------------	--

**3-тоқсан 10 -сағат**

16	1	<b>4.5.Табиғат құбылыстар ы</b>	Адамзаттың өміріне климаттың әсері қандай?ӨҚН	1	11.01. 2024	
17	2		Сен тұратын аймақта қандай катаклизмдер болуы мүмкін?	1	18.01. .2024	
18	3		Катаклизм кезіндегі менің қауіпсіздігім	1	25.01. .2024	
19	4		Жасанды ортадағы қауіп-қатерӨҚН	1	01.02. 2024	
20	5		Жасанды ортадағы менің қауіпсіздігім	1	08.02. 2024	
21	6	<b>4.6.Қоршаға н ортаны қорғау</b>	Менің өлкемнің ауылшаруашылығы	1	15.02. 2024	
22	7		Қоршаған ортаға қамқорлықпен қараудың мәні	1	22.02. 2024	
23	8		Глобус және карта.	1	29.02 2024	
24	9		Глобус және географиялық картамен жұмыс	1	07.03. 2024	
25	10		Әр алуан тапсырмалар <b>БЖБ№3</b>	1	14.03 2024	

**4-тоқсан 9- сағат**

26	1	<b>4.7.Ғарышқ а саяхат</b>	Қазақстанның білім берудегі жетістіктері	1	04.04. .2024	
27	2		Тоқтар Әубәкіров – қазақтың тұңғыш ғарышкері	1	11.04. 2024	
28	3		Қазақстанның әлемдік аренадағы рөлі	1	18.04. 2024	
29	4		Менің құқықтарым мен міндеттерімӨҚН	1	25.04. .2024	

30	5	4.8.Болашаққа саяхат	Менің туристік маршрутым	1	02.05. .2024	
31	6		Тас дәуірінен ғарыш кемесіне дейін	1	16.05. .2024	
32	7		Қазақстанның әлем алдындағы бейнесі <b>БЖБ 4</b>	1	23.05. .2024	